

"ҚазТрансГаз" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының атауын өзгерту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 31 желтоқсандағы № 982 қаулысы.

"Мемлекеттік мүлік туралы" 2021 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 180-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "ҚазТрансГаз" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының атауы "QazaqGaz" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы болып өзгертілсін.

2. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер бекітілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

А. Мамин

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2021 жылғы 31 желтоқсандағы
№ 982 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер

1. "Экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларының өздеріне қатысты меншіктің мемлекеттік мониторингі жүзеге асырылатын объектілерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 30 шілдедегі № 810 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларының өздеріне қатысты меншіктің мемлекеттік мониторингі жүзеге асырылатын объектілерінің тізбесінде:

реттік нөмірі 20-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

20	"QazaqGaz" ұлттық компаниясы" АҚ	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 маусымдағы № 651 бекітілген ұлттық холдингтердің және (немесе) ұлттық компаниялардың не олардың аффилиирленген тұлғаларының, сондай-ақ мемлекет қатысатын өзге де заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына берілген және (немесе) олардың меншігінде тұрған стратегиялық
----	-------------------------------------	--

	объектілердің және мемлекетпен аффилиирленбеген заңды тұлғалардың, сондай-ақ жеке тұлғалардың меншігінде тұрған стратегиялық объектілердің тізбесінде есепте.
--	---

".

2. "Ұлттық холдингтердің және (немесе) ұлттық компаниялардың не олардың аффилиирленген тұлғаларының, сондай-ақ мемлекет қатысатын өзге де заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына берілген және (немесе) олардың меншігінде тұрған стратегиялық объектілердің және мемлекетпен аффилиирленбеген заңды тұлғалардың, сондай-ақ жеке тұлғалардың меншігінде тұрған стратегиялық объектілердің тізбелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 маусымдағы № 651 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген ұлттық холдингтердің және (немесе) ұлттық компаниялардың не олардың аффилиирленген тұлғаларының, сондай-ақ мемлекет қатысатын өзге де заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына берілген және (немесе) олардың меншігінде тұрған стратегиялық объектілердің тізбесінде:

реттік нөмірі 55-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"55. "QazaqGaz" ұлттық компаниясы" АҚ акциялары пакетінің 100 %".

3. "Ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 6 сәуірдегі № 376 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың тізбесінде:

"Ұлттық компаниялар" деген бөлімде:

реттік нөмірі 45-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"45. "QazaqGaz" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы."

4. "Газ және газбен жабдықтау саласындағы ұлттық операторды айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 5 шілдедегі № 914 қаулысында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. "QazaqGaz" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы газ және газбен жабдықтау саласындағы ұлттық оператор болып айқындалсын."

5. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 29.11.2023 № 1055 қаулысымен.

6. "Табиғи газды мотор отыны ретінде пайдалануды өрістету жөніндегі 2019 – 2022 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 29 қарашадағы № 797 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Табиғи газды мотор отыны ретінде пайдалануды өрістету жөніндегі 2019 – 2022 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары осы өзгерістерге қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

7. "Атырау облысын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2021 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 21 мамырдағы № 337 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Атырау облысын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2021 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарында:

кестеде:

реттік нөмірі 17-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

17.	Мақат – Солтүстік Кавказ газ құбырының Лупинг жобасының құрылысы	пайдалануға беру актісі	Э М, "QazaqGaz" ҰК" АҚ (келісу бойынша)	2022	32 474,0	ЖИ
				2023	67 291,0	

";

реттік нөмірлері 136 және 137-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

136.	Атырау қаласында Фин АГТС-ін салу	пайдалануға беру актісі	Э М, "QazaqGaz" ҰК" АҚ (келісу бойынша), әкімдік	2022	1 035,0	РБ
				2023	1 035,0	
				2022	115,0	ЖБ
				2023	115,0	
137.	Салынып жатқан Фин АГТС-іне дейін қосатын жоғары қысымды газ тарту құбырын салу	пайдалануға беру актісі	Э М, "QazaqGaz" ҰК" АҚ (келісу бойынша), әкімдік	2022	1 350,0	РБ
				2023	1 350,0	
				2022	150,0	ЖБ
				2023	150,0	

";

Ескерту: аббревиатуралардың толық жазылуында:

отыз бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"QazaqGaz" ҰК" АҚ – "QazaqGaz" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы".

8. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 22.09.2023 № 828 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

9. "Жер қойнауын пайдалану саласындағы ұлттық компаниялар қызметінің аражігін ажыратуды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 30 қарашадағы № 854 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітіліген жер қойнауын пайдалану саласындағы ұлттық компаниялар қызметінің аражігін ажыратуда:

реттік нөмірі 2-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

2.	"QazaqGaz" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы	газ және газ конденсаты кен орындарындағы газ ресурстарын, өндіру процесін сумен қамтамасыз ету үшін жерасты суларын барлау және өндіру
----	--	---

";

Ескертпеде:

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнама шеңберінде көмірсутектер саласындағы ұлттық компанияның өкілеттіктерін іске асыру кезінде "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы мен "QazaqGaz" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы арасында қызметтің аражігін ажырату тиісті келісім жасасу арқылы жүзеге асырылады."

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
кейбір шешімдеріне
енгізілетін өзгерістерге
қосымша
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2018 жылғы 29 қарашадағы
№ 797 қаулысымен
бекітілген

Табиғи газды мотор отыны ретінде пайдалануды өрістету жөніндегі 2019 – 2022 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары

Р/с №	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Орындауға жауаптылар	Орындау мерзімі	Болжамды шығыстар	Қаржыландыру көзі
1	Отандық зауыттарда мотор отыны ретінде сығылған ТГ-ны және (немесе) СТГ-ны пайдаланатын автобустарды шығаруды ынталандыру мақсатында автобус тасымалын дамыту	ИИДМ-ге ұсыныс	ЭМ, ҰЭМ, Қаржымині, екінші деңгейдегі банктер (келісу бойынша), "QazaqGaz" ҰК" АҚ (келісу	2019 жылғы ақпан	талап етілмейді	-

	жөніндегі кешенді бағдарламаны және табиғи газ отының құю инфрақұрылымының құрылысын қаржыландыру мәселесі жөнінде ұсыныстар енгізу		бойынша), облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері			
2.	Осы Жоспарға 1-қосымшаға сәйкес мотор отыны ретінде сығылған ТГ-ны және (немесе) СТГ-ны пайдаланатын автобустар мен арнайы автомобильдерді жаңарту бойынша нысаналы көрсеткіштерді орындау	мотор отыны ретінде сығылған ТГ-ны және (немесе) СТГ-ны пайдаланатын автобустарды және арнайы автомобильдерді қабылдау-беру актілері	ИИДМ (жинақтау), облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері	жыл сайын, 2019 – 2022 жылдар	талап етілмейді	-
3.	Осы Жоспарға 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының газдандырылған өңірлерінде автокөлік құралдары үшін мотор отыны ретінде сығылған ТГ және (немесе) СТГ қажеттілігінің	Қазақстан Республикасының өңірлері бөлінісінде сығылған ТГ және (немесе) СТГ-мен қамтамасыз ету көлемі	" ҚазМұнайГаз " ҰК" АҚ (келісу бойынша), " QazaqGaz" ҰК" АҚ (келісу бойынша)	жыл сайын, 2019 – 2022 жылдар	талап етілмейді	-

	нысаналы көрсеткіштері н орындау					
4.	Осы Жоспарға 3-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының газдандырылған өңірлерінде АГТКС және (немесе) КриоАЖҚС-ті салу бойынша нысаналы көрсеткіштерді орындау	АГТКС-ті және (немесе) КриоАЖҚС-ті пайдалануға беру актілері	"QazaqGaz" ҰК" АҚ (келісу бойынша) "ҚазТрансГаз Өнімдері" ЖШС (келісу бойынша)	жыл сайын, 2019 – 2022 жылдар	46 млрд теңге	жеке инвестициялар, қарыз қаражаты
5.	Мотор отыны ретінде сығылған ТГ-ны және (немесе) СТГ-ны пайдаланатын автобус маршруттары н бөлуді ескере отырып, сондай-ақ Батыс Еуропа – Батыс Қытай", Ташкент-Қорғас " халықаралық көлік дәліздерінде АГТКС-ті және (немесе) КриоАЖҚС-ті салу үшін жер учаскелерін бөлу	жергілікті атқарушы органдардың қаулылары	облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері	жыл сайын, 2019 – 2022 жылдар	талап етілмейді	-
	Республика ішінде жолаушылар мен багажды					

6.	автомобильмен тұрақты тасымалдауды ұйымдастыру шарттарында мотор отыны ретінде сығылған ТГ-ны және (немесе) СТГ-ны пайдаланатын автобустарды жаңарту бойынша талаптарды белгілеу	республика ішінде жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауды ұйымдастыру шарттары	облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері	жыл сайын, 2019 – 2022 жылдар	талап етілмейді	-
7.	Мотор отыны ретінде сығылған ТГ-ны және (немесе) СТГ-ны пайдаланатын автокөлік құралдарын пайдалану кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі халықаралық стандарттарға сәйкес қолданыстағы нормативтік техникалық құжаттаманы сәйкестендіру және (немесе) әзірлеу, АГТКС, КривоАЖҚС, көпотынды жанармай құю станцияларын, СТГ шығаратын зауыттарды жобалау, салу	ҚР ҚН, МемСТ, ҚР СТ	ИИДМ, "QazaqGaz" ҰК" АҚ (келісу бойынша)	жыл сайын, 2019 – 2022 жылдар	-	-

	және пайдалану				талап етілмейді	
8.	<p>Мотор отыны ретінде сығылған ТГ-ны және (немесе) СТГ-ны пайдаланатын автокөлік құралдарын сатып алу және (немесе) қайта жабдықтау үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету мақсатында ұйымдарды және халықты ынталандыру үшін жеңілдікті кредит беру мәселесін және басқа да қаржылық, әкімшілік тетіктерді пысықтау</p>	ИИДМ-ге ұсыныс	ЭМ, ҰЭМ, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері	2019 жылғы наурыз	талап етілмейді	-
	<p>Отандық дайындаушы зауыттарға автокөлік құралдарын шығаруға мемлекеттік тапсырысты орналастыру жолымен және авторландырылған дилерлік орталықтардың Қазақстан Республикасында дайындаушы зауыттар шығарған қосотынды (</p>		Э М , облыстардың,			

9.	бензин/сығылған ТГ, ДО/сығылған ТГ) автокөлік құралдарын әкелуін ынталандыру үшін қолайлы жағдай жасау арқылы сығылған ТГ-ны және (немесе) СТГ-ны мотор отыны ретінде пайдаланатын жеңіл және жүк автомобильдерінің, автобустардың санын ұлғайту	ИИДМ-ге ұсыныс	Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері	2019 жылғы наурыз	талап етілмейді	-
10.	Сығылған ТГ-ны және (немесе) СТГ-ны локомотивтік техникаларда пайдалану бойынша пилоттық жобаны іске қосу мәселесін пысықтау	ИИДМ-ге ұсыныс	"QazaqGaz" ҰК" АҚ (келісу бойынша), "Қазақстан темір жолы" ҰК" АҚ (келісу бойынша)	2020 жыл	талап етілмейді	-
11.	Ведомстволық/қызметтік автокөлік құралдарына, мемлекеттік органдардың арнайы көліктеріне сығылған ТГ-ны және (немесе) СТГ-ны ендіру жөніндегі мәселені пысықтау	ИИДМ-ге ұсыныс	ЭМ, ИМ, Қорғанысмині, АШМ, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері	2019 жылғы мамыр	талап етілмейді	-

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

ИИДМ – Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі;

ЭМ – Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі;

ІІМ – Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі;

ҰЭМ – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі;

Қаржымині – Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі;

Қорғанысмині – Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі;

АШМ – Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі;

"ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ – "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы

;

"QazaqGaz" ҰК" АҚ – "QazaqGaz" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы;

"Қазақстан Темір Жолы" ҰК" АҚ – "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы;

АГТКС – автогаз толтыру компрессорлық станциясы;

КриоАЖҚС – сұйытылған табиғи газ криогенді жанармай құю станциясы;

ТГ – табиғи газ;

СТГ – сұйытылған табиғи газ;

ДО – дизель отыны;

ҚР ҚН – Қазақстан Республикасының құрылыс нормалары;

МемСТ – мемлекеттік стандарт;

ҚР СТ – Қазақстан Республикасының стандарты.

Табиғи газды мотор отыны
ретінде пайдалануды өрістету
жөніндегі 2019 – 2022 жылдарға
арналған іс-шаралар жоспарына
1-қосымша

Мотор отыны ретінде сығылған және (немесе) сұйытылған табиғи газды пайдаланатын автобустар мен арнайы автомобильдерді жаңарту бойынша нысаналы көрсеткіштер

бірлік

Р/с №	Әкімшілік-аумақтық бірлік	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл
1	Нұр-Сұлтан қаласы	0	400	800	1200
2	Алматы қаласы	1200	1600	1 800	2000
3	Шымкент қаласы	400	800	1 200	1600
4	Ақмола облысы	0	100	300	500
5	Ақтөбе облысы	200	300	400	600

6	Алматы облысы	200	400	500	600
7	Атырау облысы	200	300	400	500
8	Батыс Қазақстан облысы	200	300	400	500
9	Жамбыл облысы	200	300	400	600
10	Қарағанды облысы	0	200	300	600
11	Қостанай облысы	200	300	400	600
12	Қызылорда облысы	200	300	400	600
13	Маңғыстау облысы	200	200	300	500
14	Түркістан облысы	100	400	500	600
15	Павлодар облысы*	0	100	200	400
16	Солтүстік Қазақстан облысы*	0	100	200	400
17	Шығыс Қазақстан облысы*	0	0	0	200
ЖИЫНЫ		3 300	6 100	8 500	12 000

* Газдандырылған жағдайда

Табиғи газды мотор отыны ретінде пайдалануды өрістетуді жөніндегі 2019 – 2022 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарына
2-қосымша

Қазақстан Республикасының газдандырылған өңірлерінде автокөлік құралдары үшін мотор отыны ретінде сығылған табиғи газ және (немесе) сұйытылған табиғи газ қажеттілігінің нысаналы көрсеткіштері

млн текше м.

Р/с №	Әкімшілік-аумақтық бірлік	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл
1	Нұр-Сұлтан қаласы	0	17	34	50
2	Алматы қаласы	50	67	75	84
3	Шымкент қаласы	17	34	50	67
4	Ақмола облысы	0	4	13	21
5	Ақтөбе облысы	8	13	17	25

6	Алматы облысы	8	17	21	25
7	Атырау облысы	8	13	17	20
8	Батыс Қазақстан облысы	8	13	17	20
9	Жамбыл облысы	8	13	17	25
10	Қарағанды облысы	0	8	13	25
11	Қостанай облысы	8	13	17	25
12	Қызылорда облысы	8	13	17	25
13	Маңғыстау облысы	4	8	13	21
14	Түркістан облысы	8	17	21	25
15	Павлодар облысы*	0	4	8	17
16	Солтүстік Қазақстан облысы*	0	4	8	17
17	Шығыс Қазақстан облысы*	0	0	0	8
ЖИЫНЫ		135	258	358	500

* Газдандырылған жағдайда

Табиғи газды мотор отыны ретінде пайдалануды өрістетуді жөніндегі 2019 – 2022 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарына
3-қосымша

Қазақстан Республикасының газдандырылған өңірлерінде автогаз толтыру компрессорлық станцияларын және (немесе) криогенді автомобильдік отын құю станцияларын салу бойынша нысаналы көрсеткіштер

бірлік

Р/с №	Әкімшілік-аумақтық бірлік	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл
1	Нұр-Сұлтан қаласы	0	3	7	10
2	Алматы қаласы	10	13	15	17
3	Шымкент қаласы	3	7	10	14
4	Ақмола облысы	0	1	3	4
5	Ақтөбе облысы	2	3	3	5

6	Алматы облысы	2	3	4	5
7	Атырау облысы	2	3	3	4
8	Батыс Қазақстан облысы	2	3	3	4
9	Жамбыл облысы	2	3	3	5
10	Қарағанды облысы	0	2	3	5
11	Қостанай облысы	2	3	4	5
12	Қызылорда облысы	3	3	4	5
13	Маңғыстау облысы	1	2	3	4
14	Түркістан облысы	2	3	4	5
15	Павлодар облысы*	0	1	2	3
16	Солтүстік Қазақстан облысы*	0	1	2	3
17	Шығыс Қазақстан облысы*	0	0	0	2
ЖИЫНЫ		31	54	72	100

* Газдандырылған жағдайда
